

**“Жетісу облысы білім басқармасының Көкеу ауданы  
бойынша білім бөлімі” мемлекеттік мекемесінің  
“Балбөбек” бөбекжай-балабақшасы коммуналдық  
мемлекеттік қазыналық кәсіпорны  
Бұйрық № 13**

**(Бұйрықтың көшірмесі)**

14 қыркүйек 2023 жыл

Талапты ауылы

Педагогикалық әдеп жөніндегі  
кеңес құрамын бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Оқу ағарту министрінің 2023 жылғы 10 тамыздағы № 253 бұйрығына “Педагогикалық әдеп қағидаларын бекіту туралы” ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы №190 бұйрығын негізге ала отырып, педагогтердің кәсіби әдеп нормаларын сақтау, педагогикалық әдеп қағидаларын іске асыру мақсатында БҰЙЫРАМЫН:

Мекемеде педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің құрамы төмендегідей бекітілсін:

Кеңес төрағасы: А.Т.Бурлибаева – меңгеруші

Кеңес мүшелері:

А.М.Шыныбекова – әдіскер-психолог

К.К.Жумабаева – тәрбиеші

Ш.Қ.Каримбаева – тәрбиеші

Кеңес хатшысы:

К.С.Тулебаева – тәрбиеші

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес өз қызметін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалары мен педагогикалық әдеп қағидаларына сәйкес жүзеге асырылсын.

Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын

Балабақша меңгерушісі



А.Т.Бурлибаева

**“Жетісу облысы білім басқармасының Көкеу ауданы  
бойынша білім бөлімі” мемлекеттік мекемесінің  
“Балбөбек” бөбекжай-балабақшасы коммуналдық  
мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны**

**№ 1 ХАТТАМА**

**Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің отырысы**

Өткізілген күні: «15» қыркүйек, 2023 жыл

Қатысқандар: 12 адам

Төраға: А.Т.Бурлибаева - балабақша меңгерушісі

Хатшы: К.С.Тулбаева - тәрбиеші

**КҮН ТӘРТІБІ:**

1. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің құрамын бекіту туралы.
2. Кеңестің 2023 жылға арналған жұмыс жоспарын талқылау және бекіту.
3. Педагогикалық әдеп қағидаларын сақтау бойынша түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру.

**ТЫНДАЛДЫ:**

Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі А.Бурлибаева сөз сөйлеп, Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №293-VI ҚРЗ «Педагог мәртебесі туралы» Заңына сәйкес педагогикалық әдеп қағидаларының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің құрамын бекіту қажеттігін атап өтті. Кеңес құрамына енгізілетін кандидатуралар таныстырылды.

Екінші мәселе бойынша әдіскер Ардақ Меделхановна кеңестің 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын таныстырды. Жоспарда педагогикалық әдеп қағидаларын түсіндіру, профилактикалық жұмыстар жүргізу, туындаған мәселелерді қарау және мониторинг жүргізу шаралары қарастырылғаны айтылды.

Үшінші мәселе бойынша педагогикалық ұжым арасында әдеп нормаларын сақтау мәдениетін қалыптастыру бойынша түсіндіру жұмыстарын жүйелі түрде жүргізу қажеттігіне тоқталды.

**ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің құрамы бекітілсін.
2. Кеңестің 2023-2024 жылға арналған жұмыс жоспары бекітілсін.
3. Педагогикалық әдеп қағидаларын сақтау бойынша түсіндіру және профилактикалық жұмыстар тұрақты жүргізілсін.
4. Қажет болған жағдайда педагогикалық әдеп нормаларының сақталуына байланысты мәселелер кеңес отырыстарында қаралсын.

5. Қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау кеңес төрағасына жүктелсін.

Төраға: *Бег* А.Т.Бурлибаева-балабақша меңгерушісі

Хатшы: *Мүз* К.С.Тулебаева -тәрбиеші

**“Жетісу облысы білім басқармасының Көксу ауданы  
бойынша білім бөлімі” мемлекеттік мекемесінің  
“Балбөбек” бобекжай-балабақшасы коммуналдық  
мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны**

**№ 2 ХАТТАМА**

**Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің отырысы**

Өткізілген күні: « 20 » желтоқсан, 2023жыл  
Қатысқандар: 12 педагог  
Төраға: А.Т.Бурлибаева - балабақша меңгерушісі  
Хатшы: К.С.Тулебаева - тәрбиеші

**КҮН ТӘРТІБІ:**

1. Педагогикалық әдеп қағидаларын сақтау және олардың маңыздылығы туралы.
2. Педагогтердің кәсіби қызметіндегі әдеп нормалары бойынша кеңес беру.
3. Педагогикалық әдеп бұзушылықтарының алдын алу шаралары.

**ТЫҢДАЛДЫ:**

Бірінші мәселе бойынша кеңес төрағасы балабақша меңгерушісі А.Т.Бурлибаева сөз сөйлеп, педагогикалық әдеп қағидаларының негізгі талаптары туралы түсіндірме жұмысын жүргізді. Педагогтің кәсіби қызметіндегі әдептілік, жауапкершілік, адалдық, тәрбиеленушілер мен ата-аналарға құрмет көрсету қағида-тәртіптерінің маңыздылығына тоқталды. Екінші мәселе бойынша балабақша әдіскер-психологі А.Шыныбекова педагогтердің қызмет барысында кездесетін түрлі жағдайларда әдеп нормаларын сақтау жөнінде кеңестер берді. Атап айтқанда, әріптестермен, ата-аналармен және тәрбиеленушілермен қарым-қатынас мәдениетін сақтау, қызметтік этиканы ұстану мәселелері талқыланды. Үшінші мәселе бойынша кеңес мүшелері педагогикалық әдеп бұзушылықтарының алдын алу мақсатында ұжымда қолайлы психологиялық ахуал қалыптастыру, педагогтердің құқықтық сауаттылығын арттыру және түсіндіру жұмыстарын тұрақты жүргізу қажеттігін атап өтті.

**ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1. Педагогикалық әдеп қағидаларын сақтау бойынша түсіндіру жұмыстары тұрақты жүргізілсін.
2. Педагогтерге кәсіби қызметінде педагогикалық әдеп нормаларын қатаң сақтау ұсынылсын.

3. Ұжымда өзара сыйластық пен ынтымақтастыққа негізделген қарым-қатынас мәдениеті қалыптастырылсын.
4. Педагогикалық әдеп бұзушылықтарының алдын алу мақсатында профилактикалық жұмыстар жалғастырылсын.
5. Келесі отырыста атқарылған жұмыстардың нәтижесі қаралсын.

Төраға: Бейс А.Т.Бурлибаева - балабақша меңгерушісі

Хатшы: Мия К.С.Тулбаева - тәрбиеші

**“Жетісу облысы білім басқармасының Көксу ауданы  
бойынша білім бөлімі” мемлекеттік мекемесінің  
“Балбөбек” бөбекжай-балабақшасы коммуналдық  
мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны**

**№ 3 ХАТТАМА**

**Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің отырысы**

Өткізілген күні: « 23 » сәуір 2024 жыл

Қатысқандар: 12 педагог

Төраға: А.Т.Бурлибаева –балабақша меңгерушісі

Хатшы: К.С.Гулесбаева -тәрбиеші

**КҮН ТӘРТІБІ:**

1. Педагогтердің педагогикалық әдеп қағидаларын сақтау жағдайы туралы.
2. Ұжымдағы кәсіби қарым-қатынас мәдениетін нығайту мәселелері.
3. Әртүрлі мәселелер.

**ТЫҢДАЛДЫ:**

Бірінші мәселе бойынша кеңес төрағасы А.Т.Бурлибаева сөз сөйлеп, педагогтердің педагогикалық әдеп қағидаларын сақтау деңгейіне жүргізілген мониторинг нәтижелерімен таныстырды. Педагогтердің басым бөлігі әдеп қағидаларын сақтайтыны, қызметтік міндеттерін жауапкершілікпен орындайтыны атап өтілді.

Екінші мәселе бойынша әдіскер-психолог А.Шыныбекова ұжымдағы кәсіби қарым-қатынасты нығайту, әріптестер арасындағы өзара сыйластықты қалыптастыру және қызметтік этиканы сақтау жөнінде баяндама жасады. Талқылау барысында кеңес мүшелері педагогтердің кәсіби беделін арттыру, ата-аналармен тиімді қарым-қатынас орнату және педагогикалық әдеп нормаларын сақтау бойынша ұсыныстарын білдірді.

Үшінші мәселе бойынша педагогтер арасындағы әртүрлі мәселелер қаралды. Балабақша тәрбиешісі Н.Ж.Сережанова педагогтер арасындағы әдеп қағидаларының сақталу деңгейі туралы әңгіме қозғап, өз ойын айтты. Педагогтердің бірі-біріне деген құрметтің деңгейін, қарым-қатынастарының нығайту мақсатында дөңгелек үстел, тренингтер ұйымдастырылуын ұсынды.

**ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1. Педагогтердің педагогикалық әдеп қағидаларын сақтау бойынша жүргізілген жұмыстар қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Педагогикалық ұжымда өзара сыйластыққа негізделген кәсіби қарым-қатынасты дамыту жұмыстары жалғастырылсын.
3. Педагогикалық әдеп қағидаларын сақтау бойынша түсіндіру және профилактикалық жұмыстар тұрақты жүргізілсін.
4. Әдеп нормаларын бұзудың алдын алу мақсатында жеке және топтық кеңестер ұйымдастырылсын.
5. Осы қаулының орындалуы келесі кеңес отырысында қаралсын.

Төраға: Б.С. А.Т.Бурлибаева – балабақша меңгерушісі

Хатшы: К.С. К.С.Тулебаева - тәрбиеші